

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.16-2023 30.11.2030 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік күзжат түрі	Бет 1-13

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫң НӘТИЖЕЛЕРИН
БІЛМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Алматы
2023 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ КР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
ЕҢГІЗІЛДІ** Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Оқу
үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру
қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА
ЕҢГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша
2024 жылы № 4 хаттама, 2-редакция
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕҢІЗУ
МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** «28».10.2021 ж. 1-редакцияның орына
- 4.МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

МАЗМУНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. F3Ж нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу нысандары.....	5
3. Фылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оку үдерісіне енгізу тәртібі.....	6
4. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	7
5. Қорытынды ережелер.....	7
6. 1-косымша. Акт үлгіci.....	9
7. Келісу парагы.....	11
8. Өзгерістерді тіркеу парагы.....	12
9. Танысу парагы.....	13

БЕКІТІЛДІ
Темірбек Жүргенов
атындағы
ҚазХОА
Ғылыми көпесінің
шешімімен
Хаттама № 4
30 нараша 2023 жыл

**Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру
үдерісіне енгізу туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. «Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы» ереже ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының білім беру үдерісіне енгізуге қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.
2. Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының даму стратегиясына сәйкес 2016-2026 жылдарға арналған негізгі стратегиялық бағыттары:
 - білім беру бағдарламаларының траекторияларының портфелін кеңейту;
 - оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы пәндердің улес салмағын арттыру;
 - өнер саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыру;
 - халықаралық ғылыми-зерттеу қызметін кеңейту; профессор-оқытушылар құрамының қызметкерлер және басқалардың халықаралық академиялық ұтқырлығын арттыру;Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру ғылыми - зерттеу жұмысының (бұдан әрі - F3Ж) нәтижелерін енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жоспарлы жаңартуды талап етеді.
3. Академияның білім беру үдерісіне F3Ж нәтижелерін енгізудің мақсаты ғылыми-зерттеу қызметінің білім беру және шығармашылық үдеріске интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.
4. F3Ж орындау нәтижелері бойынша дайындалған әзірлемелер енгізу объектілері болып табылады.
5. ПОҚ, докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін білім беру бағдарламаларына енгізу оқытудың заманауи жәнс өзекті сипатын, оның жоғары ғылыми - әдістемелік деңгейін, білім алушылардың білім алуға қызығушылығын және оларды болашак мамандықта пайдалану перспективаларын қамтамасыз етеді, сондай - ақ білім алушыларды жобалау-зерттеу жұмысы, ғылыми конференцияларда соғ сөйлеу, ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысу, мерзімді баспасөзде, еңбек

жинақтарында жариялау, патенттер ұсынуда тең авторлық сияқты ғылыми қызмет нысандарына тартады.

6. Мазмұны бойынша енгізілетін F3Ж нәтижелері мыналар болуы мүмкін:

- жаңа теориялық қорытындылар, жалпылау;
- жаңа әдістер, зерттеу әдістері;
- заманауи аудиовизуалдық және мультимедиялық жабдықтарды қолдану;
- F3Ж нәтижелерін қызметтің белгілі бір салаларына және басқа да ғылыми жетістіктерге практикалық енгізу.

7. F3Ж нәтижелерін іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі үйымдастырушылық бірліктер кафедра, факультет болыгі табылады. Оку үрдісінде F3Ж нәтижелерін үйлестіру және іске асыруды бақылауды факультет деканы жүзеге асырады.

2.F3Ж нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу нысандары

8. Зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу формалары әртүрлі, оку іс-әрекетінің барлық элементтерін қамтиды және бір білім беру бағдарламасында мезгіл-мезгіл өзгеріп отыруы мүмкін.

9. F3Ж нәтижелерін білім беру процесіне енгізу нысандары:

- студенттердің болашақ кәсіби қызметтімен өзара байланыста F3Ж тақырыбы бойынша проблемалық дәрістер оку;
- дәрістер мен семинарларға жаңа теориялық бөлімдер енгізу;
- F3Ж тақырыбы есебінен міндettі және қосымша оку әдебиетінің тізбесін көңейту;
- пәннің оку бағдарламасында зертханалық практикумға жаңа жұмыстарды енгізу;
- зерттеу, талдаудың жаңа әдістерін менгеру;
- заманауи аудиовизуалдық және мультимедиялық жабдықтарда жұмыс істеу принциптерін игеру;
- студенттердің F3Ж тақырыбы бойынша рефераттар, курстық жұмыстар, теориялық шолулар жазу;
- кафедраның F3Ж-мен байланысты оку-ғылыми орталықтарындағы көшпелі теориялық және практикалық сабактар;
- кафедраның ғылыми багыттары бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобаларын орындау;
- студенттерді эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;
- факультеттің ғылыми-шығармашылық зертханасының жобаларына білім алушыларды тарту;
- F3Ж тақырыбы бойынша;
- студенттерді студенттік ғылыми конференцияларға (реферативті және эксперименттік секциялар) қатысуга дайындау;
- білім алушыларды ЖОО ішіндегі және ЖОО-нан тыс ауқымдағы ғылыми конференцияларға қатысуга дайындау;

- F3Ж қорытындысы бойынша жарияланымдарды жазуга студенттерді тарту;
- кафедраның білім алушылары үшін F3Ж мәселелері мен корытындылары бойынша стендтер, плакаттар, слайдтар, мультимедиялық презентациялар әзірлеу және рәсімдеу;

10. Бұл ереже F3Ж нәтижелерін енгізу нысандарын шектемейді. F3Ж нәтижелерін оқу процесіне енгізу кезінде ғылыми ұжымның F3Ж туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық құралдардың негұрлым кең спектрін пайдаланған орынды: монографиялар; патенттер; Scopus (Elsevier) және Web of Science (Clarivate) халықаралық дерекқорларға, РФ ЖАК-ына, КР FЖБМ FЖБССҚЕК тізіміне, РFDI, KDB-на кіретін жоғары рейтинглік ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми макалалар мен шолулар, конференциялар, съездер, алыс шетел симпозиумдары материалдарындағы баяндамалардың тезистері; жоғары деңгейдегі кеңестер мен конференциялардың стендтік баяндамалары; диссертацияларды корғау және басқа да ғылыми ақпарат көздері.

3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу тәртібі

11. Ғылыми, инновациялық және басқа жобалар бойынша F3Ж нәтижелері енгізуге жатады.

12. F3Ж нәтижелерін енгізуді кафедралар жүзеге асырады.

13. F3Ж нәтижелерін енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

1) нәтижелерді байқаудан өткізу:

- әзірлеуші нақты мамандық, пән, сабак түрі үшін оқу процесінде енгізу объектісі және оны пайдаланудың болжамды мүмкітілдіктері мен нәтижелері туралы кафедра отырысында баяндайды, оған оқу пәндері бекітілген, оларды оқыту процесінде әзірлеуді енгізу көзделеді.

- кафедра отырысында талқылау қорытындысы бойынша оқу процесіне енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылданады. Әзірлеуді енгізуға қатысатын автор мен оқытушылар пәндердің оқу бағдарламасына сәйкес пәндердің қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендерін, дәріс курсарын, семинар, практикалық және зертханалық сабактардың материалдарын түзетуді қамтамасыз етеді; академия оқытушыларының пайдалануы үшін ғылыми - және оқу-әдістемелік материалдардың, оның ішінде электрондық тасығыштардағы ақпараттық қорларын қалыптастырады.

- оқу процесінде әзірлемені апробациялау кезеңі анықталады.

2) апробацияға бөлінген кезең аяқталғаннан кейін кафедраның отырысы өткізіледі, онда әзірлемені пайдаланған оқытушылар тыңдалады және Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесіне F3Ж нәтижелерін оқу процесіне енгізу туралы актіні макұлдау туралы өтініш беру туралы шешім қабылданады (Қосымша 1, 2).

3) кафедра отырысының хаттамасынан үзінді-көшірме енгізудің

тиімділігін, әзірлеу пайдаланылатын дәрістік, практикалық, семинарлық, зертханалық сабактардың сағат санын және т.б. көрсете отырып, ГЗЖ нәтижелерін енгізілген силлабус Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінде қарауга және одан кейін Академия комиссиясының қарауына ұсыну үшін беріледі.

4) Комиссия құрамы оку және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор немесе ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың өкімімен бекітіледі.

5) келіп түскен құжаттарды талдау негізінде Комиссия актіні макұлдау немесе макұлдамау туралы шешім қабылдайды.

6) оң шешім қабылданған жағдайда акт ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен келісіледі және оку және оқу - әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітеді, оған Комиссия мүшелері бұрыштама қояды.

14.Акт ғылыми-редакциялық (ғылыми-баспа) бөлімде, оку бөлімінде (бакалавриат) немесе жоғары оку орнынан кейінгі білім бөлімінде (магистратура, докторантура) тіркеледі.

15.Акт негізінде, комиссияның шешімі бойынша авторларға Академияның білім беру процесіне ГЗЖ нәтижелерінің енгізілгенін, оку процесінің жоғары тиімділігін және Осы Ереженің 2 және 3-тармақшаларында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі қамтамасыз еткенін куәландыратын сертификат берілуі мүмкін.

16.Актілер алынған енгізу объектілерін сүйемелдеу:

- әзірлеу енгізілген кафедралар және әзірлеушілер енгізу объектілерін сүйемелдеуді (әріптестерге консультация/кеңес беру) қамтамасыз етеді; әзірлемелердің мазмұнын одан эрі енгізу және жетілдіру барысын бақылайды.

4. Өзгерістер енгізу тәртібі

17.Ғылыми кеңес отырысында осы ережені өзгерту туралы ұсыныстар көпшілік дауыспен (отырысқа қатысқан Ғылыми кеңес мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы) қабылданады немесе күші жойылады.

18.Регламентке өзгертулғы басшысының немесе ғылыми-редакциялық бөлім басшысының ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен келісілген қызметтік хаты негізінде Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен ғана енгізіледі.

19.Ғылыми-редакциялық бөлімге сактауға тапсырылатын осы ережеге түзетулер СМЖ талаптарына сәйкес «Өзгерістерді тіркеу парагында» міндетті белгісімен ресімделеді.

20. Осы ережеге енгізілген өзгерістер туралы хабарламалар Академияның барлық басқармалары мен жетекшілік ететін және жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

5. Қорытынды ережелер

21. Осы Қагидалардың ережелері міндетті болып табылады және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы Қагидаларда ескерілмеген жаңа қосымша

шығындардың туындауына байланысты өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

22. Ереже тармагын іске асыру кезінде туындайтын өзге де мәселелер Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӘЛ-ның Жарғысына немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

1-қосымша. Акт үлгісі



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

«___» ____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор

«___» ____ 20 ____ ж.

Ғылыми-зерттеу жұмысының білім беру процесіне енгізу туралы АКТІ

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми жұмыс жөніндегі проректорының ___. ____ 20 ____ ж. № ____ міндеттемесімен бекітілген және ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру процесіне енгізу туралы Ереже негізінде әрекет ететін комиссия мүшелері «_____» академиялық сапа бойынша кеңесінің ___. ____ .202 ____ ж. № ____ отырысының хаттамасынан үзіндісіне сәйкес 20 ____ -20 ____ оқу жылында «_____» кафедрасында ____ гыл. докторы, профессор А.Ә. _____ (тегі) келесі тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізгені туралы осы актіні жасады:

Тақырыптар немесе жарияланымдардың толық нәтижелері көрсетіледі: мақалалар, монографиялар, ғылыми зерттеулер және т. б. қажет болса, бірнеше жарияланымдар көрсетіледі.

Комиссия шешімінің негізі: «Факультет атауы» факультетінің академиялық сапа бойынша кеңесінің ___. ____ .20 ____ ж. № ____ хаттамасынан үзінді.

Комиссия шешімі: өзектілігі және практикалық маңыздылығы туралы.

Мысал (толтырылған тармақтармен):

№	Енгізу нысаны (жаңа курстың, арнайы курстың, дәрістер болімінің, зертхананың атауы) Жұмыстар, қоидырғылар, оку құралдары және т. б.); курс, мамандық	Енгізу колемі (жұмыс саны, дәрістік сағат)	Енгізілген жұмыстың қысқаша мазмұны
1	ЕЗЖ нәтижелері IMH 1204 «Әлемдік хореография тарихы» курсына енгізілді» Курс кредиттерінің саны: 3 Бакалавриат 1 курс ПХ — ГОП В028 «Хореография», ОП 6В02178 «Хореография педагогикасы», 1 курс БИ — ГОП В028 «Хореография», ОП — 6B02165 «Балетмейстерлік өнер	Дәрістер: _____ Сағат саны _____ Семинарлар: Сағат саны _____ Практикалық сабактар (Зертханалық) Сағат саны	

Осы актіге коса берілген материалдар «Факультет атауы» факультетінің оқу-әдістемелік бюросының отырысында қаралды
 (_____. _____. 20 ____ ж. ____ № хаттама).

Комиссия мүшелері:	Тегі, аты-жөні	Қолы
ЖООКББФЗО басшысы	А. А. Кульшанова	
Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы	Ж. А. Джумадилова	
Оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы	Б. К. Турдалиева	

КЕЛІСУ ПАРАФЫ

Әзірленді:

Ғылыми-редакциялық болімінің
басшысы

Ж.Д. Рамаданова

Келісілді:

Ғылыми жұмыс жөніндегі
проректор

К.З. Халыков

Жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ғылыми-
зерттеу орталығы қызметінің
басшысы

А.А. Кульшанова

Оқу-әдістемелік қызметінің
басшысы

Д.А. Джумадилова

Оқу үдерісін ұйымдастыру
және мониторинг
қызметінің басшысы

Б.К. Турдалиева

Өзгерістерді тіркеу парагы

Танысу парагы